7.8. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алынбаған акциялар бойынша сондай-ақ сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

7.9. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:

- 1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға рұқсат етілмейді.

7.10. Акционер, осы Жарғының 7.9 тармағының негізі бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, Қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін уақытта дивидендтер төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін

орындау күніне уәкілетті органның қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

8-БАП.ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

8.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Басқарма;
- 4) бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.

9-БАП.ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

- 9.1. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде Заңға сай акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Есепті кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.
- 9.2. Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындау басқармамен, жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісімен, Директорлар кеңесімен, Қоғам таратылатын жағдайда- Қоғамның тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.
- 9.3. Заңнамамен жалғыз акционердің қарауына мәселелерді міндетті шығару жағдайлары көзделуі мүмкін.
- 9.4. Заңға сәйкес, Жалғыз акционердің шешіміне шығарылатын Акционерлердің жылдық жалпы жиналыс құзыретіне жатқызылған мәселелер тізімін Қоғамның Директорлар кеңесі құрайды.
- 9.5. Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді дайындау және шығару шығындары Қоғам есебінен, Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда.
- 9.6. Жалғыз акционердің қарауына шығарылған мәселелер бойынша материалдар осы мәселе бойынша негізделген шешім қабылдау үшін қажет көлемдегі ақпаратты қамту керек.
- 9.7. Қоғам органдарын айлау бойынша материалдар ұсынылған кандидаттар туралы келесі ақпаратты қамту керек:
 - 1) Тегі, аты сондай-ақ еркі бойынша әкесінің аты;
 - 2) білімі туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғамға аффилиирленгені туралы мәліметтер;
 - 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
 - 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да ақпаратты қамту керек.
- 9.8. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар Заңға сәйкес мыналарды қамту керек:
 - 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
 - 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
 - 3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
 - 4) Директорлар кеңесінің қарауы бойынша басқа құжаттар;
- 9.9. Жалғыз акционер шешім қабылдау үшін күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысу үшін Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын және қол жетімді болуға тиіс, ал Акционердің сауал салуы болған жағдайда-сұраным алынғаннан кейін оған үш жұмыс күн ішінде жіберілу керек; құжаттардың көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығындар Қоғамға жүктеледі.
- 9.10. Жалғыз акционердің шешімдері атқарушы органдардың орналасқан жерінде сақталу

керек және кез-келген уақытта Жалғыз акционерге танысу үшін ұсынылу керек. Жалғыз акционердің талабы бойынша оған шешімнің көшірмесі немесе Жалғыз акционердің шешімінен үзінді көшірме беріледі.

10-БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

10.1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оны қабылдаған жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акциялар санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оны өзгертуді айқындау;
- 6) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілетті мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарының өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) қоғамның есепті қаржы жылындағы (тоқсан немесе жарты жылдық) таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) қоғам акцияларының ерікті делистингі және листингі туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес (25) және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
- 17) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау;
- 18) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
- 19) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;
- 20) Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту;
- 21) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

- 22) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне біліктілік өлшемін бекіту;
 - 23) Заңмен және Қоғамның жарғысымен Жалғыз акционердің артықшылық құзыретіне жатқызылған шешімдерді қабылдау бойынша басқа да мәселелер.
- 10.2. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
- 10.3. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез-келген шешімдерінің күшін жоюға құқылы.

11-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 11.1. Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етеді, Заңмен және (немесе) Қоғамның жарғысымен Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда.
- 11.2. Директорлар кеңесі:
- 1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;
 - 2) қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.
- 11.3. Аса маңызды мәселелерді қарау және директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін қоғамда директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.
- Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:
- 1) стратегиялық жоспарлау;
 - 2) кадрлар және сыйақылар;
 - 3) ішкі аудит;
 - 4) әлеуметтік мәселелер;
 - 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген басқа да мәселелер.
- Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта санамаланған мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін. Директорлар кеңесінің комитеттері директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады. Қоғамның президенті Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.
- Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы қоғамның директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатында белгіленеді.
- 11.4. Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Жалғыз акционерімен сайланады. Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидаттың Жалғыз акционердің және Қоғамның мүддесінде Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындауға қажетті жұмыс тәжірибесі мен біліктілігі болуы керек.
- Директорлар кеңесінің мүшесі осы Заңға және (немесе) қоғамның жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.
- 11.5. Президент Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.
- 11.6. Директорлар кеңесі Қоғамның жалғыз акционерімен сайланатын 4 (төрт) адамнан тұрады, бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының отыздан төмен емес пайызы тәуелсіз директорлар болуы керек.
- 11.7. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.
- 11.8. Директорлар кеңесінің мүшелері бес жыл мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің уәкілеттік мерзімі Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлаған сәтте

аякталады.

- 11.9. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің немесе жеке мүшелерінің уәкілеттігін тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің уәкілеттілігі Жалғыз акционер оның уәкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.
- 11.10. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.
- 11.11. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі орындайды.
- Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы:
- 1) Қоғамның директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырыстарды шақырады және жүргізеді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен көзделген басқа функцияларды орындайды;
 - 2) Қоғам атынан Қоғамның президентімен еңбек шартын жасайды;
 - 3) Қоғамның Директорлар кеңесіне басшылық жасайды және оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді;
 - 4) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
 - 5) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері мен Қоғам президентінің арасындағы конструктивтік қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;
 - 6) Қоғамның Жалғыз акционерімен тиімді байланыс орнатады және Қоғамның жалғыз акционерінің көзқарасын Қоғамның Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді;
 - 7) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері мен Қоғамның басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды;
 - 8) Қоғамның корпоративтік хатшысы арқылы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің шынайы және толық ақпарат алуын қамтамасыз етеді;
 - 9) Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне лауазымына кірісу бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етеді;
 - 10) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және жарғымен көзделген басқа да мәселелерді шешеді.
- 11.12. Директорлар кеңесінің отырыстары оның төрағасының бастамашылығымен немесе басқармамен төмендегілердің талаптары бойынша шақыртыла алады:
- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
 - 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
 - 3) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымының;
 - 4) Жалғыз акционердің талабымен.
- 11.13. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы директорлар кеңесінің төрағасына қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.
- Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақыртудан бас тартқан жағдайда бастамашы осы талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, Басқарма директорлар кеңесі отырысын шақыртуға міндетті.
- Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе Басқармамен шақырту туралы талап түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыртылу керек.
- Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаның міндетті қатысуымен өтеді.

Директорлар кеңесі мүшелеріне директорлар кеңесінің отырысы туралы хабарламаларды жіберу тәртібі Директорлар кеңесімен анықталады.

11.14. Күн тәртібі мәселелері туралы материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күннен жеті күнтізбелік күн бұрын беріледі.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (осы Заңда көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

Қоғамның мәміле жасауына мүдделі Қоғамның аффилирленген тұлғалары жазбаша түрде Директорлар кеңесінің назарына:

- 1) Үш жұмыс күнінің ішінде олардың мәміле тараптары немесе онда өздерінің өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;
- 2) Олардың аффилирленген тұлғасы болып табылатын заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дауыс беру акциясының (үлес, пай) он немесе одан көп пайызына дербес немесе біріге иелік ететін заңды тұлғалар туралы және органдарда лауазымды қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;
- 3) Олар мүдделі тұлға ретінде танылуы мүмкін, оларға белгілі немесе жасалуы мүмкін мәмілелер туралы ақпаратты міндетті түрде жеткізу керек.

Жоғарыда көрсетілген ақпарат Қоғамның Директорлар кеңесіне жіберілетін материалдарға қосылады.

11.15. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқармаға Директорлар кеңесі отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

11.16. Егер Директорлар кеңесінің отырысына Директорлар кеңесінің үштен кем емес мүшесі қатысса онда кворум болады. Директорлар кеңесінің барлық немесе кез-келген мүшелері отырысқа барлық қатысушыларға бір бірін көруге және естуге мүмкіндік беретін телефон немесе басқа байланыс түрлерімен конференц-байланыс арқылы қатыса алады. Отырысқа осылайша қатысқан тұлға дауыс беруге және кворумда ескерілуге құқылы болады.

11.17. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

11.18. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысушылардың бірауыздан берілген дауысымен қабылданады. Төраға шешуші дауысқа немесе тыйым салу құқығына ие болмайды.

11.19. Директорлар кеңесі тек директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

11.20. Директорлар кеңесінің отырыстары Заңнамаға сәйкес сырттай өткізіле алады. дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Қоғамның Директорлар кеңесінің жекелеген акционерлерге тандап жіберуге құқығы жоқ. Дауыс беру бюллетени Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырыс өтетін күніне дейін бес жұмыс күннен кешіктірмей жіберілу керек.

Дауыс беруге арналған бюллетенде:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырысты шақырудың бастамасшысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні мен уақыты;
- 4) Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының өткізілетін күні және уақыты; (дауысты есептеу);
- 5) әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

б) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қалауы бойынша басқа мәліметтерді баяндайтын орын.

Дауыс беруге арналған бюллетеньге Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі жеке өзі қол қою керек.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

Дауыстарды есептеу кезінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

11.21. Дауыс бергеннен кейін бюллетеньдер әр директор оларды алғаннан кейін 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде корпоративтік хатшыға жіберіледі (ол болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің соңғы отырысының хатшысына). Барлық бюллетеньдерді алғаннан кейін Корпоративтік секретарь (ол болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің соңғы отырысының хатшысы) жазбаша шешімдерді дайындап, оларға дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қосып қою керек.

11.21. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

11.22. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуға тиіс.

11.23. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

11.24. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға тиіс және ол жерде:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және жері;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және директорлар кеңесінің әр мүшесінің директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер.

11.25. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы (корпоративтік хатшы) директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

11.26. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе қоғамның директорлар кеңесінің осы Заңда және қоғамның жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

12-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

12.1. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) определение қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе заңнамада көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту, сонымен қатар Қоғамның жылдық бюджетін бекіту, соның ішінде өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу;

- 2) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Тоқсан, жартыжылдық және жылдық қорытындылар бойынша Қоғамның қаржылық есептемесін алдын ала бекіту;
- 5) Директорлар кеңесінің қасынан комитеттерді құру, олардың мүшелерін сайлау, сонымен қатар директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 6) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Қоғамның Басқарма мүшелерін сайлау, Қоғамның атынан Қоғамның президентімен еңбек шартын жасауға құзыретті адамды белгілеу, сондай-ақ оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Басқарма қызметіне бақылау жасау;
- 8) Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекақысы мен сыйақысын төлеу шарттарын анықтау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын анықтау;
- 10) корпоративтік хатшыны (хатшы) тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының (хатшының) лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын анықтау;
- 11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 12) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма және Президент қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - Бюджеттендіру ережелері;
 - Жұмысшылардың еңбек ақысын және сыйақысын төлеу турлаы ереже;
 - Жұмысшыларды іс-сапарға жіберу ережелері;
 - Есеп саясаты;
 - Салық саясаты;
 - Басқарушылық персоналына сыйақы төлеу ережелері;
 - Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелері;
 - Қоғамның уақытша бос ақшалай қаражатын орналастыру ережелері мен нормативтері;
 - Акцияларын Қоғам тікелей немесе жанама түрде иелік ететін қоғам және заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін реттейтін ережелер;
 - Тәуекелдерді басқару саясаты;
 - Коммерциялық, қызметтік және Заңнамамен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Қоғамның ақпаратын қорғау туралы ереже, соның ішінде жарияламалау туралы келісімнің нысаны, қорғалатын ақпараты бар құжаттармен жұмыс жасау тәртібі туралы ережелер;
 - Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ереже;
 - Қоғам басқармасы туралы ереже;
 - Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ереже.
- 13) Қоғамның инвестициялық бағдарламаларын, бюджеттерін, бизнес-жоспарларын, Қоғам қызметінің айналым/тоқсан сайынғы есебін қарау тәртібі мен ережелерді бекіту;

- 14) Қоғамның инвестициялық бағдарламаларын, бюджеттерін, бизнес-жоспарларын бекіту;
- 15) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі процедураларын бекіту, тиімділікті сақтау және талдау, сондай-ақ осындай процедураларды жетілдіру процессын қамтамасыз ету;
- 16) Заңнамаға сәйкес, іс-сапарға жіберілетін Қоғамның жұмысшыларына шығындарды өтеу тәртібін, шартын және лимитін анықтау;
- 17) Қоғам жұмысшыларына және Қоғам басқармасының мүшелеріне барлық және кез-келген қайтарымды және қайтарымсыз төлемдерді беру тәртібін, шарттарын және лимитін анықтау;
- 18) Қоғам қызметінің маңызды тиімділік көрсеткіштерін анықтау;
- 19) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 20) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;;
- 21) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 22) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
- 23) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 24) жасасу туралы шешім осы Заңға сәйкес қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 25) Келесі шешімдерді қабылдау:
 - Қоғамның тиісті жылға бекітілген бюджетінің аясындағы мәмілелерді қоспағанда Қоғамның жылдық бюджетімен бекітілген 10 000 000 (он миллион) теңгеден аса сомаға немесе шетел валютасындағы эквивалент сомасына тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатып алуға шыққан шығындар көзделмеген мәмілелерді жасау немесе өзара байланысқан мәмілелердің жиынтығын жасау туралы шешімдер;
 - 10 000 000 (он миллион) теңгеден аса сомаға немесе шетел валютасындағы эквивалент сомасына құқықтарды және /немесе міндеттемелерді (талап құқығынан шегіну, қарызды аудару) беру туралы мәмілелерді жасау немесе өзара байланысқан мәмілелердің жиынтығын жасау туралы шешімдер;
 - Қоғамның 10 000 000 (он миллион) теңгеден аса сомаға немесе шетел валютасындағы эквивалент сомасына тиісті жылға бекітілген бюджетпен көзделмеген шығындарды туындататын міндеттемелерді ұлғайту туралы шешімдер.
- 26) Қоғамның негізгі құралдарын есептен шығару туралы шешім қабылдау;
- 27) Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен қаржы жылының, жартыжылдықтың, тоқсанның таза табысын бөлу тәртібі туралы ұсыныстарды және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін ұсыну;
- 28) Қоғамның ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспарларын бекіту;
- 29) Қоғамның ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешім қабылдау;
- 30) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне кіретін Қоғамды корпоративтік басқару мәселесі бойынша ұсыныстарды дайындау;

- 31) Қоғамның корпоративтік хатшысының, жұмысшылардың және Ішкі аудит қызметі басшысы қызметтерінің маңызды көрсеткіштерін бекіту, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізуді жүзеге асыру;
- 32) Қоғамның Іскерлік этика кодексін және корпоративтік дау және мүдде дауларын реттеу туралы ережені бекіту;
- 33) Директорлар кеңесі мүшелеріне Қоғамның қызметі туралы, сондай-ақ қаржылық қызметі туралы ақпаратты беру мерзімі мен тәртібін анықтау;
- 34) Қоғамның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің жұмысшыларының, сондай-ақ жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімі бойынша жүзеге асырылатын еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың басшылары мен жұмысшыларының лауазымдық тізімін анықтау: («Негізгі лауазымдар»);
- 35) Қоғамның даму жоспарын бекіту, даму жоспарын жүзеге асыру жән түзету мониторингін жасау;
- 36) Қоғамның демеушілік көмек және/немесе қарайымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылдау, егер бұндай әрекеттер Қоғам бюджетімен тиісті күнтізбелік жылға қарастырылмаған болса;
- 37) Қоғамға тиесілі мүлікті кепілге қою туралы шешім қабылдау, Қоғамның кепілдеме және/немесе кепілгерлік беру, Қоғамның займ және несие алу туралы шешім қабылдау;
- 38) кез-келген жылжымайтын мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару бойынша мәміле жасау туралы шешім қабылдау;
- 39) Қоғамның жылдық бюджетін орындау туралы, қызметтің (даму) басымдық бағыттарын жүзеге асыру туралы, Қоғамның стратегиялық мақсаттары (даму стратегиясы), инвестициялық бағдарламалардың даму жоспарлары (бизнес-жоспар), инвестициялық бағдарламалар туралы есептерді, сондай-ақ Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы шоғырландырылған ақпараттарын қарау;
- 40) Заңның және (немесе) Қоғам жарғысының нормаларына сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.

Тізімі жарғының 12.1 тармағымен белгіленген мәселелер шешу үшін атқарушы органға беріле алмайды.

13-БАП. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

13.1. Ағымдағы қызметті басқаруды Қоғам басқармасы жүзеге асырады. Басқарманы Президент (басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма жұмыстарын ұйымдастыру, оның жиналыстарын шақыру және өткізу тәртібі, айрықша құзыреттілік және басқа нормалар Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы Ережеде айқындалады. Барлық немесе кез келген Басқарма мүшесі телефон бойынша конференц-байланыс арқылы немесе жиналыстың барлық қатысушылары бірін-бірі көріп, бір-бірін естуге мүмкіндік беретін басқа да байланыс түрі арқылы Басқарма жиналысына қатыса алады. Осылайша Басқарма жиналысына қатысқан тұлға дауыс беруге және кворум есебіне құқылы.

Басқарманың айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 2) Қоғамға аудит жүргізген аудиторлық ұйым ұсыныстарының, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарының орындалуына бақылау жасау;
- 3) Қоғамның даму жоспарын, бюджетін, даму жоспарына (бизнес жоспар) әзірлеу және іске асыру;
- 4) Өз құзыреті шегінде ынталандыру мен жазалауды реттейтін ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, ішкі қағидаларды бекіту;
- 5) Еңбекті мотивациялаудың жалпы ережелерін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

- 6) Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылатын құжаттарды қоспағанда Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сол сияқты олардың күші жойылды деп тану;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесіне төмендегілерді әзірлеу, құптау және ұсыну:
 - Қоғам қызметінің басым бағыттарын (даму), стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясы), инвестициялық бағдарламалар, бюджеттер;
 - Қоғам қызметінің басым бағыттарын (даму), стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын), даму жоспарларын (бизнес жоспарлар), Қоғамның инвестициялық бағдарламалары мен жылдық бюджетін жүзеге асыру туралы есептер;
 - Қоғамның, оның еншілес кәсіпорнының қаржы-шаруашылық қызметі туралы жылдық, сол сияқты шоғырландырылған ақпарат беру;
- 8) Қоғам Президентінің ұсынуы бойынша Қоғамның штаттық санын бекіту;
- 9) Қоғамның ұйымдық құрылымын, оның құрылымдық бөлімшелерін бекіту;
- 10) Қоғамның құрылымдық бөлімшелер басшыларын және басқа жетекші жұмыскерлерлерін тағайындау. Қоғам филиалдары мен өкілдік басшыларын тағайындау және оларды лауазымдарынан босату;
- 11) Қоғамның кадр және әлеуметтік саясатын айқындау;
- 12) Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның жыл сайынғы қаржылық-шаруашылық қызметінің немесе Қоғам бюджетінің аясында Қоғаммен демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылдау;
- 13) ішкі (қызметтік) ақпаратты қорғау және сақтау;
- 14) Басқарма жанынан Қоғамның дербес органы болып табылмайтын тұрақты немесе уақытша әрекет ететін (Басқарма шешімін даярлауда белгілі мәселелерді шешу үшін) комитеттер құру, олардың ережелерін бекіту, осындай ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сол сияқты оларды күші жойылды деп тану;
- 15) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды ұйымдастыру;
- 16) Қоғамдық бекітілген жылдық шығындар бюджетінде қарастырылмаған тауар/жұмыс/қызмет сатып алуға сомасы 10 000 000 (он миллион) теңгеден немесе оның шетел валютасы баламасы көлеміндегі мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасауға шешім қабылдау.
- 17) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің басқа мәселелері бойынша шешім қабылдау;
Басқарма Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың Қоғаммен белгіленген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Басқарманың шешімі негізінде шектеулерді бұза отырып жасалған осындай мәміленің жарамды екеніне дауласуға құқығы бар.

13.2. Қоғам акционерлері болып табылмайтын жұмыскерлер ғана Басқармасының мүшелері бола алады.

Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Қоғам Президентінің (Басқарма төрағасы) атқарушы органның немесе атқарушы органның қызметін іске асыратын басқа ұйымдағы жетекші лауазымға құқығы жоқ.

Қоғамның Басқарма мүшесінің қызметі, құқығы мен міндеттері Жарғымен, Кодекспен және Заңмен сол сияқты Қоғам мен аталған тұлға арасында жасалған еңбек шартында айқындалады.

Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес белгіленген лауазымдық жалақы көлемі көрсетіле отырып Қоғам атынан Президентпен (Басқарма төрағасы) жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Жалғыз акционермен немесе Директорлар кеңесімен уәкілеттенген тұлға қол қояды.

Қоғамның мен қалған Басқарма мүшелері арасында Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес белгіленген лауазымдық жалақы көлемі көрсетіле отырып жасалған еңбек шартына Президент (Басқарма төрағасы) қол қояды.

13.3. Басқарма кемі 5 (бес) адамнан құралуы керек.

13.4. Басқарма отырысы қажетіне қарай айына кемінде бір рет кез келген Басқарма мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады.

Егер Басқарма мүшелерінің 3/2 (үштен екі) бөлігі отырысқа қатысқан жағдайда Басқарма отырысын өткізу үшін Кворумы қамтамасыз етілді деп саналады.

13.5. Басқарма шешімі Басқарма отырысына қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең түскен жағдайда Президент (Басқарма төрағасы) дауыс берген шешім қабылданады.

13.6. Қоғам Президенті:

- 1) Басқарманы басқарады;
- 2) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарма шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді.
- 4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 5) Басқарма құрамына кіретін және Қоғамның ішкі аудиті қызметінің жұмыскерлерін қоспағанда Қоғамның жұмыскерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды (Заңмен белгіленген жағдайдан басқа кезде) жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін, Қоғам жұмыскерлерінің сыйақы мөлшерін белгілейді;
- 6) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;
- 7) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 8) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;
- 9) Сот талқылауларын, дауларын немесе немесе төрелік сот талқылауларына бастама жасауды және реттеуді құптайды;
- 10) Жарғыға сәйкес Қоғамның банктік, қаржылық және басқа құжаттарына бірінші қол қою құқығына ие;
- 11) Жарғыда белгіленген шектеулерді ескере отырып, Қоғам атынан мәмілелер (шарттарға қол қояды) жасайды;
- 12) Қоғамның шаруашылық қызметін іске асыру үшін қажет жағдайда Заң талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының банктерінде немесе шетелдік банктерде Қоғам атынан банктік шоттар ашады және осы шоттармен банктік операциялар жүргізеді;
- 13) Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына қол қояды және бекітеді;
- 14) Сенім білдіретін құқық көлемі Жарғымен ұсынылған Қоғам Президенті өкілеттігі шегінен тыс болса үшінші тұлғалармен қатынаста өкілдік ету үшін берілетін сенімхатты беру үшін алдын-ала Директорлар кеңесімен немесе Жалғыз акционермен келіседі;
- 15) Заңнамаға сәйкес ұжымдық шарттарды жасау туралы шешімдерді қарайды және қабылдайды;
- 16) Қоғамның ішкі қызметінің жедел мәселелері бойынша шешім қабылдайды және бұйрық шығарады;
- 17) Қоғамның барлық қызмет түрлерінің мәселелері бойынша арлық мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда, соның ішінде шетел ұйымдарында Қоғам мүддесін қорғайды;
- 18) Қоғамның директорлар кеңесі шешім шығару үшін қажетті материалдарды дайындау үшін жауапты болады;
- 19) Қоғамның мүлкіне қатысты заңсыз іс-әрекет тудыратын себептерді айқындау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

- 20) Директорлар кеңесінің төрағасына немесе директорлар кеңесінің төрағасымен уәкілет берілген адамдарға Қоғамның қызметіне байланысты төтенше жағдайлар (апат, зілзала) туралы жедел түрде хабарлайды;
- 21) Қоғамның Директорлар кеңесіне және (немесе) жалғыз акционерге олардың құзыретіне қатысты мәселелерді дайындайды және бекітуге ұсынады.
- 22) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін дайындайды және оны алдын-ала бекіту үшін Директорлар кеңесіне ұсынады.
- 23) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, жалғыз акционердің және директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғамның Басқарма құзыретіне жатпайтын барлық басқа мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайды.

13.7. Басқармамен тұрақты негізде сайланатын басқарма хатшысы басқарма мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін басқарма отырысының басқарма хатшысының қолы қойылған басқарма мөрі басылған хаттамасын ұсыну керек.

14-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

- 14.1. Қоғамның ішкі аудит қызметі Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасайды. Қоғамның ішкі аудит қызметі құрамының саны мен лауазымға тағайындау Қоғамның директорлар кеңесімен бекітіледі /іске асырылады.
- 14.2. Қоғам жұмыскерлерімен Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын, Қоғамның ішкі үрдісі мен тәртіптерінің міндетті түрде болуы мен сақталуын бақылау және Қоғаммен жүргізіліп отырған операциялардың сипаты мен көлеміне сәйкес сенімділік деңгейі мен оның қызметіндегі тәуекелділігін азайтуды қамтамасыз ету Қоғамның ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.
- 14.3. Қоғамда ішкі аудит
 - 1) Қоғамның өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сол сияқты бухгалтерлік есеп саясатына және Қоғамның тиісті ішкі құжаттарымен бекітілген ішкі процедуралармен белгіленген талаптарға сәйкес іске асыруына;
 - 2) Қоғамның қаржылық тұрақтығы мен төлем қабілеттігі нысанына жүйелік талдау жасау және қызметін бағалауға;
 - 3) Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау шараларының тиімділігін бағалау және тексеруге;
 - 4) Активтер мен міндеттемелерді басқару жүйесінің тиімділігін, оның ішінде әлеуетті тәуекелді бағалауға;
 - 5) Қоғамның өз қызметін іске асыру барысында туындайтын тәуекелділікті басқаруына және оны азайту мониторингін іске асыруға;
 - 6) Уәкілетті органмен белгіленген талаптарды сақтауға;
 - 7) Қоғам есептерінің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігіне бақылау жасау үшін жүргізіледі.
- 14.4. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды және Қоғамның Президенті бола алмайды.
- 14.5. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.
 - 14.6. Қоғамның ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесімен белгіленген тәртіпте:
 - 1) Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;
 - 2) Жүйелендірілген және дәйекті тәсілдерді қолдана отырып, тәуекелді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін дамытуға жағдай жасайды, кеңес береді және бағалайды.
 - 3) Қоғамның ішкі аудит қызметі Ережесіне сәйкес өзінің құзыретіне кіретін басқа қызметтерді іске асырады.
- 14.7. Ішкі аудит қызметінің тәртібі Жарғымен және Қоғамның ішкі аудит қызметі Ережесімен айқындалады.

15-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІ

15.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

- 1) өздеріне жүктелген міндеттемелерді адал орындайды және мүмкіндігінше Қоғам мен акционерлердің мүддесін айқындайтын тәсілдерді қолданады;
- 2) Қоғам мүлкін пайдаланбау керек немесе оны Қоғам жарғысына және Жалғыз акционер мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланылуына жол бермеуі керек, сол сияқты жеке мақсатына және өзінің аффилирленген тұлғаларымен мәміле жасауда асыра пайдаланбауы керек;
- 3) Бухгалтерлік есеп жүйесінің және тәуелсіз аудит жүргізумен қоса қаржылық есептіліктің толықтығын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашу және ұсынуды бақылайды.
- 5) Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде Қоғамның ішкі құжаттарында басқаша көзделмесе Қоғамда жұмыс істеуін тоқтатқаннан кейінгі үш жылдың ішінде ақпаратты құпия сақтауға міндетті.

15.2. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) Қоғам және оның акционерлері мүдделілігіне адал, ақпараттандырылған негізде Заңнаманың, қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес әрекет етуге;
- 2) барлық акционерлерге әділетті болып, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз ұйғарымдар шығаруға міндетті.

15.3. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам мен оның акционерлері алдында олардың әрекетінен және/немесе әрекетсіздігінен Қоғам тартқан залал мен келтірілген шығын үшін Заңмен белгіленген жауаптылыққа тартылады.

Қоғам жалғыз акционер шешімі негізінде өз атынан Қоғам мүддесі үшін нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын мүлікті қоғам сатып алған немесе иеліктен шығарған, жасалуына мүдделілік бар болған мәміле жасаудан келтірілген залал үшін төмендегі жағдайлар дәлелді болған жағдайда лауазымды тұлғаны жауапқа тарту үшін сотқа арыздануға құқығы бар:

- мәміле жасауға шешім қабылдау кезінде осындай мүлік құнының «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы белгілеген нарықтық құнға сәйкес келмейтіндігі дәлелденген жағдайда;
- Жалғыз акционерді оның лауазымды тұлғасы (тұлғалары) өзінің немесе оның аффилирленген тұлғаларының пайда (табыс) табуы мақсатында әдейі адастырғандығы туралы фактілер сотпен айқындалған жағдайда.

16-БАП. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

- 16.2. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілік жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес белгіленеді.
- 16.3. Басқарма жыл сайын Жалғыз акционерге пікірталасу және бекіту үшін өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті, Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес өткен аудитті ұсынады. Басқарма қаржылық есептілікпен қоса Жалғыз акционерге аудит есебін ұсынады.
- 16.4. Жылдық қаржылық есептілік Жалғыз акционерге бекітуге ұсынудан кемінде отыз күн бұрын Директорлар кеңесімен бекітілуі тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есебін соңғы бекіту Жалғыз акционермен жүргізіледі.
- 16.5. Қоғам уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімде жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін, еншілес (еншілес) ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есебін және аудиторлық есеп жариялауға міндетті. Жасауына мүдделілік болған ірі мәміле және (немесе) мәміле туралы ақпарат

халықаралық қаржылық есептіліктілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке қосымша түсінік хатта анықтап жазылады және Заңның 79-бабының талаптарына сәйкес Жалғыз акционер мен инвесторларға мәлімденеді. Нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары мен мәміле шарттары, сипаты қатысқан тұлғалар үлесі, сол сияқты басқа да мәміле туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

17-БАП. ҚОҒАМ АУДИТИ

- 17.1. Сот банкрот деп таныған жағдайдан басқа кезде Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.
- 17.2. Аудит Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасымен Қоғам есебінен немесе Жалғыз акционердің талабы бойынша өз есебінен жүргізілуі мүмкін, соның өзінде Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өзі анықтауға құқылы. Қоғам аудиторлық ұйым талап еткен барлық құжаттарды (материалдарды) беруге міндетті.
- 17.3. Басқарма Қоғамға аудит жүргізуден бас тартқан жағдайда, аудит кез келген мүдделі тұлғаның арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

18-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ МЕН ДАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 18.1. Қоғам аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Жалғыз акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізеді.
- 18.2. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы ақпарат қызметтік, коммерциялық және басқа заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестесу туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті қоғамға ұсынуға міндетті.
- 18.3. Лауазымды тұлға мен Жалғыз акционер бұрын аффилирленген тұлға ретінде көрсеткен тұлға, лауазымды тұлға мен Жалғыз акционер Қоғамға жеті күн ішінде хабарлаған сәттен бастап аффилирленген тұлға болып саналмайды.

19-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 19.1. Қоғам жалғыз акционері мен инвесторларына Қоғамның келесі корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:
 - 1) Жалғыз акционердің қабылдаған шешімдері;
 - 2) Директорлар кеңесі мәселелер тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер, бұл мәселелер туралы ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізілуге тиіс;
 - 3) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;
 - 4) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы нәтижесінде қоғамның уәкілетті органының осындай мәмілелерді жасау туралы шешім шығарылыған күнгі Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәмілені жасасуы. Мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің

мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс; Кредиторларды, жұртшылықты және акционерлерді хабардар ету мақсатында Қоғам ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдағаннан кейін үш күн ішінде бұқаралық ақпараттық құралдарға қазақ және орыс тілдерінде мәміле туралы хабарлама жариялауға міндетті.

5) осы Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;

6) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

7) қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның рұқсаттар алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған рұқсаттары қолданысының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

8) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

9) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

10) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

11) Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

